

***ОТЫРАР,
ҚАРА ҚОҢЫР,
БЕСТОРАҢҒЫЛ,
ҚОСТҮЙІНІМ...***

УДК 94 (574)


ББК 63.3 (5 Қаз)

Б17 - Байжанов Ілесбек

Б17 - «*Отырар*», «*Қара Қоңыр*», «*Бестораңғыл*», «*Қостүйінім*»...» - Ілесбек Байжанов
Шымкент, «АЗИАТ» баспа үйі, 2011ж, 276 бет.

ISBN 978-601-7255-30-5

21 дәуірді басынан өткізген киелі де, ұлы халқымыз осы қиын жолдарда **«мың өліп, мың тіріліп»** Бір Алланың құдіретімен тәуелсіздігін алып, мемлекеттігін қайтадан қалпына келтіргеніне де міне биыл 20 жыл толды. Халқымыздың басынан өткен қилы заман уақиғалары киелі құт мекен – **Отырар, Қарақоңыр, Бестораңғыл, Қостүйін** өңірін де айналып өтпеген. Ұлы Дала идеологиясының «алтын тіреуінің» басты тұғыры, ірге тасы, қайнар бұлағы болған оңтүстік жерінің қасиетті бір ұстыны саналған бұл өңір тарих сахнасына Ұлы қағандар мен хандарды, әмірлер мен сұлтандарды, ұлы қолбасшылар мен дуалы ауыз ұлы билерді, ұлы ғалымдарды шығарған. Ғаламдық тарихқа, өркениет пен ғылымның дамуына өзіндік үлесін қосқан халқымыздың ойып тұрып алған орны империялық және отаршыл күштердің озбырлығынан еленбей келді. Тәуелсіздік алғалы бері ғаламның әр елдерінен, тіпті өз жерімізден киелі жәдігерлеріміз көптеп табылуда. Соның бірі қазақ халқының соңғы сыпыра шежірешісі, құпия тарихымызды мыңдаған жылдар бойы толықтырып, ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып, сақтап келген шежіреші – жылнамашы әулетінің өкілі - **Әлиасқар Байғұтұлының** қалдырған бағалы тарихи деректері мен халқымыздың жаратылыс заңдарына лайықты салт дәстүрлері мен рәсімдері, тілі мен ділі, діні жайлы өсиет, насияттары болды. Жерлестеріммен көпшілікке арналған бұл кітапта ұмыт бола бастаған ерте дүние тарихы мен отаршыл – империялық күштердің қисынсыз жала жауып, бізге теріс түсіндіріліп келген, ғалам мойындаған соңғы **«мың жылдық адамы Шыңғысхан»** мен **Әмір Темір Көреген** жайлы, және Қазақ хандығының құрылу себептері, Алты Алаш халқының қайта өрлеу дәуірі мен кері кеткен замандар және отаршылдық кезеңнен кейінгі Совет өкіметі дәуіріндегі оқиғалар, осы өңірден шыққан халқымыздың өнері мен мәдениеті, ғылымына, экономикасына үлкен үлес қосқан белгілі тұлғалар мен азаматтарымыз жайлы және халқымызға қасірет әкелген Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлеріміз бен тыл еңбеккерлері, батыр аналар туралы да сөз болады.



УДК 94 (574)

ББК 63.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-7255-30-5

© Байжанов Ілесбек, 2011
© «АЗИАТ» баспа үйі, 2011

Киелі өңір «Отырар», «Бесторанғыл», «Қара Қоңыр», «Қостүйінім»...

Алғы сөз.

*Уа, өшпеймін деген Елдің
Ер мойнында ұрпаққа деген қасиеті болады!
Өлмеймін деген ердің,
Әруақ болып қайтарар өсиеті болады!
(Әлиасқар Байғұтұлы)*

Киелі **Отырар** мен **«Сегіз өрім ойғанақ»** - деп аталған (Арыс қаласы тұрған жер) құтты мекендердің арасында, **Алты Алаш** халқының киелі де, қасиетті әулиелі жерлері **«Бесторанғыл», «Қарақоңыр** және **«Қостүйін»** өңірі орналасқан. Бұл қасиетті киелі жерлер мыңдаған жылдардан бері **Ұлы Далада** өткен «қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған салтанатты замандар» мен небір аласапыран уақиғаларға да куә болып, ішкі талай сырларын бүгіп осы күнге дейін жетті.

Арғы **«Қүсілім», «Ықылым», «Қадым»** замандарды айтпай-ақ кешегі өткен Жоңғарды жер бетінен жойып, Қытайға соғыс шығынын төлеткен, Ресейді тәубесіне келтіріп, қазақтардан ғана емес татар, башқұрт, естек, қырғыз, қарақалпақ, бұхарлықтар мен түркімендерден тұрған, 7 майданда соғысып шыңдалған 47 түмен армиясы болған **Ұлы Текті Айбынды Абылай Хан** дүниеден өткен соң билікке кездейсоқ келген хан тұқымның арқасында бір орталыққа бағынған билік жүйесі қожырай бастайды. Көрші елдегі тақ таласының тағы да басталғанын аңдып отырған екі көршінің жымысқы әрекеттерінің арқасында текті азаматтар биліктен ығыстырылып, ел билеушілерден ауызбіршілік пен ынтымақ кетіп, жаңадан пайда болған Хиуа мен Қоқан бектері дегендер тағы бас көтеріп, елдің тоз – тозы шығып кетеді. Осындай бей - берекетсіздіктерден халқымыз тәуелсіздігінен айырылып, соңғы 270 жыл бойы жатжұрттықтардың тепкісіне түседі. Қазақ халқына нәубет әкелген кейінгі замандар уақиғалары көрсеткеніндей патшалы ресей империясы мен оның кейінгі мұрагерлері большевиктер билеген совет үкіметінің дәуірінде Ресей империясында саны жағынан орыс пен украиндардан кейінгі үшінші орында тұрған халқымыз 90 пайызынан айырылып азшылыққа айналса, ұлттың бетке шығар қаймақтары зиялыларының 99 пайызынан айырылады...

Жүздеген жылдар бойғы құрсаулаған отаршылдық қамыты арыстан мінезді халқымызды рухани жағынан ойсыратып жатса да, халқымыздың текті азаматтары ешбір қарап жатпаған. Осы жылдары еліміз бойынша ақ патша билігіне қарсы 300 ден астам ұлт азаттық көтерілістері болыпты. 19 ғасырдың алғашқы жартысында Қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлы бастаған отаршылдарға қарсы ашқан азаттық майданы 10 жылға созылады. Ұлы қолбасшы Хан Кене Бабаларымыздан қалған соғыс айла – тәсілдерінің небір сайыпқыран түрлерін көрсетіп, патша генералдарын таңқалдырады. Бұл Ұлы майданға тағы да іштен шыққан тексіздер мен мансапқорлардың сатқындық пиғылдары өз кеселін тигізеді. Патша өкіметінен шен мен шекпен, мансап алған бай – сұлтандардың арқасында бұл азаттық майданы жеңіліске ұшырайды...

Ал Батыс Қазақстандағы Сырымның, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының, Сыр бойындағы Жанқожа Батыр бастаған ұлт азаттық көтерілістері ақ патшаға жағынған хан тұқымдарының көмегімен басып жаншылады.

Одан кейінгі уақыттарда Елдің ішінде халықтың бұрынғы елдік пен ерлігін, туған жерге деген адалдығын, отан сүйгіштік пен батырлық рухын көтеруге әрекет жасаған сал серілер мен ақындар отаршылдар тарапынан қуғынға ұшырап, қамауға алынып, және халықты жасытып, үрейлендіріп отыру мақсатында отаршылдар мұндай азаматтарды тұрақты түрде «Итжекенге» де айдап отырады. Арпалыс, аласапыран уақиғаларды басынан өткізген халқымыз 20 ғасырды үлкен үмітпен қарсы алады.

1905 жылы ежелгі «**Жібек Жолы**» бойымен «**Орынбор – Ташкент темір жолы**» Отырар – Қарақоңыр – Қостүйін арқылы **Қабылға** (Арысқа), кейін одан ары **Ташкентке** дейін салынып іске қосылып, пайдалануға беріледі. Темір жол тасымалының дамуы жаңа мамандар қажеттілігін туындатып, жергілікті тұрғындар да бұл жаңа жұмыс орындарына тартылып, өндіріс азда болса дами бастайды. Бұл жолдың **Түркістан қаласы** мен **Қабыл** (Арыс) елді мекенінің арасының тез арада қосылуына Орта Азиямен сауданы дамытуға мүдделі болған Ресейдің ірі көпестерінің ұсынысымен ат салысқан жергілікті азаматтардың бірі, орыс тіліндегі гимназияны және Бұхарадағы медресені бітірген, заманында болыстық қызмет атқарып, Петербург пен Москвада сауда дүкендері болған Ресей көпестері қоғамының 2 гильдия дәрежелі мүшесі болған, ірі көпес **Төле Байтерекұлының** (1868 – 1914 ж.ж.) да («**Оңтүстік Қазақстан**» газеті. №109 (17 745) 29.07.2004 ж.) аты аталады. Бұл азамат батпақты, кебір жерлер арқылы өтетін темір жол табанының астына төсейтін сексеуіл мен нар қамыстарды Сыр бойы мен Отырар өңіріндегі жергілікті тұрғындарды ұйымдастырып, дайындаып, оны жүздеген түйелермен жол құрылыстарына тасымалдауды да өзі қаржыландырады. Жергілікті тұрғындарды темір жол бойындағы бекеттер мен қажетті ғимараттар құрылысын салуға қатысуға және темір жол мамандығын игеруге шақырып оқу ақыларын үкіметтің есебінен төлеуді де ұйымдастырады.

Осы құрылысқа қатысқан жұмысшылар мен инженерлерге арнап көптеген дүкендер ашып, азық – түлік пен күнделікті тұрмысқа қажетті тауарларды Түркістанға дейін жеткен темір жол арқылы Ресейден әкелсе, кепкен жемістер мен басқа да тауарларды керуенмен Ташкент пен Самарқаннан, бау - бақша өнімдері мен ет өнімдерін жергілікті тұрғындардан сатып алуды ұйымдастырып Император үкіметі тарапынан күміс медаль мен арнайы сыйлықтармен марапатталады. Өңірде темір жол қатынасының өркендеуімен бірге жаңа заман лебі де есе бастайды...

1916 жылғы Бірінші Дүние жүзілік соғыста Антанта жағында соғысқан Ресей империясын әлсіретіп, соғыстан шығарып тастауды көздеген шетелдік масондар мен яхудилік большевиктер арандатқан шоқынды қазақтар бастаған көтеріліс миллиондаған қандастарымызды алып кетеді. Соғыс заңы жүріп тұрған кезде елге шыққан жүздеген жазалаушы отрядтардың оғы мен отынан кемпір – шал, жас балалар мен қорғансыз әйелдер қырылып, зорланады. Отаршылдар тарапынан туындаған осындай зобалаңдар кесірінен қаншама ұлттық мұрағаттар мен жәдігерлер тоналды, жойылып кетті... Бұл көтерілістің соңы Ресейдегі ақ патшаны тақтан тайдырған революцияға келіп ұласады. Бүкіл Ресейде бүліншілік басталған жылдары қазақ даласына 1917 жылдың «**Үлкен жылан**» - деп аталған жұт келіп миллиондарды тағы алып кетеді.

1917 жылдың соңында **Ахмет Байтұрсынов**, **Әлихан Бөкейханов** бастаған қазақ зиялыларының бастамасымен құрылған «**Алаш Орда**» партиясы Орынборда **Алаш Орда** үкіметін, ал бұрынғы Түркістан жеріндегі Қоқан шаһарында **Мұстафа Шоқай**, **Мұхамеджан Тынышпаев** пен қырғыз, қоқандықтар мен бұхарлық азаматтар бастаған

«Қоқан республикасы» құрылады. Алайда Мәскеудің ұйымдастыруымен қарулы күштерін де құрып үлгермеген бұл үкіметтер қанға тұншықтырылып, жойылады. Әсіресе большевиктердің айдап салған, бақайшағына дейін қаруланған, әрі азамат соғысы жылдары қанқұйлы жауыздықтарымен аты шыққан **армян дашнактарының** әскери бөлімдері мен Ташкентте жұмысшылардан құрылған қызыл гвардия полктарының шабуылдарынан соң «Қоқан қырғыны» - деп аталған (5-6 қаңтар 1918 ж.) қанды қасаптан 250 мыңдық тұрғындарының 70 пайызынан астамы қандастарымыз бар бұл қалада 50 мың адам ғана тірі қалады.

1919 жылғы большевиктердің қолымен ұйымдастырылған (Ревком яхуди Горжат) аштықтан тек Сырдария облысының (қазіргі Шыназ бен Арал теңізіне дейінгі аймақ) қазақтарынан ғана 1 миллион 19 мың адам аштықтан офат болады. 1918 – 1920 жылғы азамат соғысында ақтар да, қызылдар да қазақты аямапты. 1922 жылдан бастап Алаш Орданың мүшелері мен белсенділерін атып – асып, қамау басталады. 1928 жылы қазақ ауылдарының тірегі болған байлар тәркіленіп, отбастарын ағайындарымен қоса «Итжеккенге» айдалып, жолай қырғынға ұшырайды.

1932 -1933 жылғы қолдан әдейі ұйымдастырылған аштықтан сол кездегі Республика халқы ойсырай шығынға ұшырайды. Қазақ халқын жаппай қырумен қатар, аман қалғандарын мәңгірттеу жоспары, яғни «**Ұлтсыздандыру**» әрекеттері (1929 – 1940 ж.ж.) де қатар жүріп отырған. 1929 жылы халқымыздың мың жыл бойы қолданылып келген, бүкіл түркі халықтарына ортақ болған, **арабша өрнек** (оған дейін түркілік «**Архат Енисей таяқша жазуы**» болған) **жазу әліпбиінен** латын харпіне көшіріліп, 1940 жылы елде бас көтерер азаматтар қалмағасын, еш кедергісіз қазіргі кирилицаға көшірген.

1941 – 1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысы 700 мыңға таяу азаматтарымызды жалмап кетті. 1949 жылғы басталған Семей, Азғыр, Тайсойған, Державинск, Ембі, Балхаш – 9 ядролық ракета полигондарындағы сынақтардың қаншама тіршілік иелерін жоқ қылғанын бір Алла ғана білер...

Тың игеру жылдары халқымыз азшылық күйге түсіп, ССРО ны Н.С.Хрущев басқарып тұрғанда Қазақстанды бөлшектемек те болады. Қазақ мектептері жаппай жабылып, орыстандыру саясаты екпінді түрде жүреді. Міне осылай отарлық жебір саяси жүйенің арқасында ұлтты ұлт ететін құндылықтар, яғни ұлттың киелі бес қасиетінен: тілінен, ділінен, дінінен, салт – дәстүрі мен бұлжытпай орындалуға тиісті рәсімдерінен айырылып (халқымыздың 40 пайызға жуығы ана тілінің уызынан ажырап, әлі де бұрынғы империя тілінде сөйлеуде) қала жаздады. Мәңгірттену басталып, халқымыздың киелі тілі мен ділі бұзылып, діні шалағайланып, салт – дәстүріміз мансұқталып, бұлжытпай орындалуға тиісті рәсімдерден де мүлдем айырылуға жақын қалғанда, Ұлы Алланың құдретімен «**Желтоқсан дауылынан**» кейін басталған ССРО бойынша жаппай ұлттық өрлеуден соң, совет үкіметі дер кезінде құлап, ұлт ретінде тексізденіп, жойылып кетуден аман қалдық. Бұған да шүкір, тәуба дейміз!

Тәуелсіздік алғанымызға да міне 20 жыл болып қалды. Соңғы 20 жылда Қазақстанды элем таныды. Алайда тарихымыздағы көптеген ақтандақтар әлі де көп. Бұрынғы өткен әділетсіз патшалар мен ата жауларымыз Ұлы Даладан шығып, «әділеттілік пен шындықты» ту еткен, «мейірім мен шапағаттың» нұрын шашып өткен, Жаһандық тәртіпті ұстап тұрған Ұлы Даладан шыққан Ұлы қаһандар мен патшаларымызды, орта ғасырларда ғаламдық дамуға игі үлестерін қосқан хандарымызды мансұқтап, оларға қисынсыз жалалар жауып, кейінгі ұрпақтарды адастыру мақсатымен түрлі кітаптар жаздырып қалдырғандығы да

белгілі болуда...

Қазақтың тарихаты ғана емес, яхудилар билеген Ресейдің де тарихы 20 рет өзгеріске түскен. Жоғарыдағы халқымыздың басынан өткен қасіреттер мен нәубеттер киелі **Отырар** мен **Қарақоңыр** - **«Бестораңғыл»** - **«Қостүйін»** аймағын да айналып өткен жоқ. Осы жерде туып өскен жұрт елмен бірге бар қиыншылықтарды да, ашаршылықты да, соғыс зардаптарын да бастарынан өткерген. Қанша қиыншылық көрсе де үмітті сағыныштарын үзбей, ертеңгі күнге сеніммен қарап, имандылық пен «Мейірім, шапағатты» ту етіп, тіліміздің шұрайы мен нәрін, дәстүр – салт пен ұлттық рәсімдерді берік сақтаған жерлестеріміз: **«көппен көрген - ұлы той!»** - деп, ауызбіршілікті сақтап, барлық уақытта бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білген. Ел қорғауға аттанған азаматтарымыз майдандарда небір ерліктер көрсетсе, тылда ерен еңбектің үлгілерін көрсетті. Ер азаматтар майданда қан төгіп жатқанда, елде қалған аналар мен қарттар, жас өспірімдерге шейін Ұлы жеңіске өздерінің елеулі үлестерін қосқан.

Осы күнге шейін ауыл азаматтары атадан балаға мирас болып, жалғасып келе жатқан тектілігін сақтап, бір – біріне бауырмалдық қолын созып, қайғыны да, қуанышты да бірге бөлісіп келеді. Мұндай игі қасиет осы біздің ауылдың адамдарында ғана сақталып қалған десек өтірікші болмаспыз.

Елден шығып биікке қанат қаққан азаматтарымыз ешқашанда туған ауылдарынан қол үзіп кеткен жоқ. Олар кең байтақ Отанымыз, киелі Ұлы Далаға егелік етіп отырған Қазақ Елінің қай түкпірінде еңбек етіп жүрсе де туылған жерін, киелі Қарақоңырын ұмытпайды. Ең болмаса жылына бір келіп, туған жеріне аңсай келіп, ауылдастарына сәлем беріп, ата – аналары жатқан киелі әулиелер **«Үрпекке»**, **«Есқараға»**, **«Бестораңғылға»** барып, зиярат жасап, топырағына тәу етіп, қуаттанып, рухани жағынан байып қайтады.

Бүкіл жұмыр жер жаһанның дамуына әсер еткен дәуірлер мен қилы замандар уақиғалары да біздің осы жерлерімізден бастау алыпты. Соңғы кездері отаршылдықтың зардабынан тұмшаланған халқымыздың тарихатынан мағлұматтар мен бағалы деректер, дүние жүзінің әр жерінен табылып жатыр. Қазір қолымызды бар, бұрын еш жерде жарияланбаған осы біздің киелі **«Бестораңғыл Әулиеде»** 1898 жылы 21 наурызда туылған, Қазақтың құпия шежірелерін мындаған жылдар бойы жат көздер мен дұшпандардан сақтап келген әулеттің ұрпағы, халқымыздың соңғы **Сыпыра шежірешісі Әлиасқар Байғұтұлының** қалдырған бұл киелі өңірлер туралы деректерін төменде жариялап отырмыз. Сыпыра шежіреші Ашамайлы Керейден тараған, заманында хандық та, сұлтандық та құрған текті тұқымдардан шыққан, **Айбынды Абылай Ханның** кезінде оның Бас Батыры болған **Құлан Қайыр Қанайұлы Ханбас Батырдың** тікелей ұрпағы. Ханбас Батырдың ұлы **Арқар Садақ Қошқарбай** батырдан, Қоқан ханын тәубасына келтірген атақты **Ағасұр Би Мырзабай**, одан **Ырсымбет палуан**. Ырсымбет палуанның ұлы **Байғұт** Бағдат шаһарында білім алады. Ғұлама Байғұт Ырсымбетұлы өмірінің 70 жылын бұрынғы **«Ықылым»**, **«Қадым»** замандарынан келе жатқан **«Бестаңба»**, **«Ізбөрі»**, **«Ғасыр Табақ насыяты»** кітаптарынан тарихи деректерді тіл салтымызға лайықтап көшіріп қалдырады. Мындаған жылдар бойы бұл киелі кітаптар әр 70 жыл сайын Сыпыра шежірешілер киелі Ұлы Далада өткен уақиғаларды, маңызды деректермен толықтырып, кітаптарға жазып, **«құпия құдықтар»** - деп аталатын құпия жер асты қоймаларына қайтадан жасырып отырған. Ғұлама Байғұт қария: *«99 тараудан тұратын «Бестаңба» кітабының 3 тарауының өзі 39 кітапқа жүк болды. Тойларға, аңға, немесе басқаша да қызықшылықтарға бармадым. Қолым 1910 жылы сал болып қалды. Бұл шаршағаннан*

емес, әруақтардың: «ұрпағым, мені ұмытып барасың! - деген ғайбіл үндерінен болды» - деп, ұлы Әлиасқарға табыстап кетеді. Байғұт ғұлама 1924 жылы 24 қаңтарда дүниеден өтеді.

Әлиасқар Байғұтұлының ғұмыры төңкеріс, азамат соғысы жылдары мен коллективизация, жаппай толқулар мен көтерілістер, «Ұлтсыздандыру дәуірі» мен жаппай репрессия, соғыс жылдарындағы аласапырандар кезеңдермен тұстас өтеді. Ол отызыншы жылдардағы Созақ көтерілісінің «Ұраншысы», яғни бас идеологы болады. НКВД – нің түрмелерінде қаншама рет өлім жазасына кесіліп, үкім күтіп жатқанда «Үштіктің» төрағалары өздері істі болып атылып, кейбірі айдалып кетіп жатады. Ақырында Мәскеуден келген өкілдердің бірі: **«Сені кордон асып, шетелге кетіп қалған деп» істі жабамыз! Сен енді ешбір адамға жоқсың!»** - деп, «Бестораңғылдан» Шілікке, Шіліктен Темірланға, Темірланнан «Ақпан» темір жол бекетіне жер аударып жібереді. Бірақ 1956 жылы ақталады. Ол сол жерде 1981 жылдың 22 наурызы күні 1000 айдың жүзін көріп, 83 жасында дүниеден өтеді. Осы «Ақпан» бекетінде ол тумысынан құймақ құлақ, өте зерек боп туылған ерекше қасиетті өзінің ұлы Ақпантай Әлиасқарұлының (02.02.1962 – 10.05.2009 ж.ж.) құлағына киелі шежірелерді, халқымыздың басынан өткен ұлы уақиғалар жайлы айтып құя береді.

Ақпантай Әлиасқарұлынан тұңғыш рет магнитофонға жазып алып қағазға түсірген тарих танымгері, шежіреші, әрі емші Асан Тұрабаев. Осы жолдардың авторы асқан (жат қолға түскенде, құндылықтарын білдірмес үшін ребус сияқты айтылған) қиыншылықтар мен бұл киелі шежірелерді жүйелеп, ғалам тарихымен салыстырып, ұғымға жеңіл болуы үшін қазіргі заман тіліне жақындатып, түсіндірмелермен 3 жылдан аса БАҚ – на **«Ұлы Бабалар насияты»** - деген атпен жариялап, киелі аманатты халқына жеткізуге тырысты. Бұл кітапқа осы біздің туған өңірге қатысы бар деректер ғана кіргізілді. Және де аулымыздың, оның ішінде совет үкіметі жылдары шаруашылық боп қалыптасу кезеңдері мен осы жерден шыққан атақты азаматтар мен елге еңбегі сіңген түрлі саланың мамандары туралы және халқымызға нәубет алып келген Ұлы Отан соғысына қатысып аман – есен елге оралған, майдан далаларынан қайтпай қалған, шаһид болған азаматтар жөнінде қысқаша қолымызда бар мағлұматтарды да беруге тырыстық. Сонымен туған өңіріміз киелі Отырар, **«Бестораңғыл», «Қарақоңыр», «Қостүйін»** жайлы, және осы жерден өсіп, өрбіген ұрпақтары жайлы жинақты өздеріңізге ұсынып отырмыз.

Глесбек Байжанов.

Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

ОҚО «Ақиқат – 1» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

Инженер. Экономист.

Халқымыздың басынан өткен Ұлы замандар мен кезең, дәуірлер.

1. «Топансу» алған - Нұқ пайғамбар дәуірі.
2. «Өрмекші ілім» – Пірауындар (Фараондар) дәуірі.
3. «Құсілім» - Кер Сақ Аб, Алаша Жал Қаһан, Қазақ Зор Қаһан дәуірі.
4. «Бөбек шалған «Белсіздік жұты» - Елтіріс Қаһанның дәуірі. Айыртаудың екі ұшар шыңы болған: «Уәде», «Уәж» - деп атаған.
5. «Зұлмарт берен «Құрқылтай» заман» - Амур Дария Забур патшаның дәуірі.

6. «Тектілер заманы» - Түкті білек Тоны Көк «Тәңірқұттың» дәуірі.
 7. «Тұрант – Сұрант», «Құбыла Қазығұрт, найзалы» заман – Сары Оғлан Қарахан патшаның дәуірі.
 8. «Ислам, Ілмат, Имандық» Тараз заманы -Алтынкүрек Орғасүй Айыр қалпақ Айдаһар Би, Қорқыт Бабаның дәуірі.
 9. «Күрең қанжар Мәссағат» заманы - Тұғырыл Торы Ханның дәуірі.
 10. «Төртқұбыла» жығылар, Аламан заман – Сабулайұлы Тәмуршын – Шыңғыс Қаһанның «Төре шенді» дәуірі.
 11. «Ақсақ құлан» - Жошы Хан дәуірі.
 12. «Мекке - Мәдине сұраған» заман - Әмір Темір Көрегеннің дәуірі.
 13. «Қызылды алған, Қылыш сынған» заман - Бәйтерек Айқарақ Керей Ханның дәуірі.
 14. «Қызылбас қырылар», «Қанды кек» заманы – Мұхаммед Шайбани Ханның «Байыркүм Ордалы» дәуірі.
 15. «Жарғұп машық, құдық көмей, таңдай талар» заман - Берке Науан Хан Тәуекелдің дәуірі.
 16. «Тақта басы қалған, құты қашқан» заман – Хан Тұрсынның дәуірі.
 17. «Орбұлақ», «Мыңға жалғыз Бозайғыр шапқан!» заман - Салқам Жәңгірдің дәуірі.
 18. «Киелі шапан қарғысы атқан заманы» - Есім ханның дәуірі.
 19. «Бозторғай қонақ» - Әз Тәукенің дәуірі.
 20. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманы - Абылай Хан, «Үш Жүздің» Биі «Тектілерден бата тілеген», «Қансуарлаған» дәуір.
 21. «Бақ тайып, бақа жайынды жұтқан» заман - Кенесарының дәуірі.
- Осы дәуірлерден қалған ілмат, мұраһат, насият біздің дәуірімізге де жетіп сыр шертеді.

Түсіндірме:

«Өрмекші ілім» - бұл ілім: «көз жеткен жерді айтады» - деген ұғым. «Қүсілім» - бұл ілім: «ой жеткен жерді айтады»-деген ұғым.

«Мекке - Мәдине сұраған» заман – деп, Араб елдерінен бірлік кетіп, өз ара қырқыстар туындап, «Төрт Алқа» (кресшілер жорығы) соғыстары көбейіп, Ислам дініне қауіп төнген заманда Әмір Темір Көреген ислам дінін бұрмалап, Құран Кәрімде жоқ «Жихад» соғысын жариялап, басқаның жерін жауламақ болған дін бұзар шейхтар мен халифтарды тәубасына келтіріп, Мекке, Медине мен Ислам әлемінде тәртіп орнатқан дәуірді айтқан.

«Қызылды алған, Қылыш сынған» заман – Алтын Орда мемлекеті түрлі дін тартыстары мен таққа таласқан мансапқор хан тұқымдарының өз ара қырғын соғыстары әсерінен тоз-тозы шығып, шығыс пен түстіктен, батыстан сыртқы жаулар Ұлы Далаға лап қойғанда, Алты Алаштан тарағандарға жер бетінен жойылып кету қаупі туады. Осы кезде Айқарақ Керей Хан бастаған Алаштың Тектілері бұрын: «Өте киелі!» - деп, атауға тыйым салынып келген Ұлы Қазақ Қаһанның атын қайта көтеріп, ұрандап, «Қансуар» соғысын жариялап, Қазақ Хандығын Шу Тоғанақ шаһарында құрып, Қазақтың туын 5 мың жылдан кейін қайта көтереді. Айқарақ Керей Хан кресшілер мен «шоқындыларды» Қырымда талқандаған соң, шектен шыққан, Әмір Темір заманынан кейін тағы да «Жихад» жариялаған шейхтарды Қызыл теңізге дейін қуалап, тізе бүктіріп Қызыл теңізге

қылышын тастап, «Қансуар» жорығын осында аяқтайды.

«Қызылбасқырылар», «Қанды кек» заманы – Иран парсыларынан «Мауренахрды» (Сырдария мен Амудария арасын) тазалап, қызылбастарды қырған **Мұхаммед Шайбани** бастаған «көшпелі өзбектер» атымен белгілі Қазақ тайпаларының соғысын айтқаны. Шайбани Хан парсы шахымен жекпе – жекте қаза болған соң, екі хандыққа бөлініп кеткен қазақ тайпалары қайта бірігіп, **Иран – Тұран** соғысы қайта басталып ондаған жылдарға созылған **«Қанды кек»** майданына ұласады. Шайбани Ханның Ордасы Арыс қаласына жақын жерде Сырдария өзенінің сол жақ жағалауындағы **«Байыркүм»** елді мекенінде тұрған.

«Жарғұп машық, құдық көмей, таңдай талар» заман – деп, Берке Науан Хан Тәуекелдің басшылығымен алымдар мен Маруанахр Ахыра Билердің, шежірешілер мен жыраулардың жылдар бойы ұзақ талқылап, Ұлы Даланың заңы **«Ясақтан»** кейінгі Құрылтайда қаралып, бекітіліп, оны алыс-жақын шетелдерге мойындатқан **«Жеті Жарғы»** заңының қабылданып, Иран елімен арадағы **«Қанды кек»** соғысын тоқтатқан дәуірін айтқаны.

«Тақта басы қалған, құты қашқан» заман – Хан Тұрсынның заманы. Елдің шығыс шетіне тиген Қалмақ пен Қытайға жорыққа аттанған Есім Хан жоқта Ташкен мен оның айналасындағы елдерге билік жүргізген Тұрсын Хан өзінің ортасындағы дінбасылардың азғыруына еріп, антты бұзып бар билікті басып алмақ болып Түркістанды шауып кетеді. Туысын бірнеше рет кешіргенмен, бұл сатқындық әрекеттер қайталана бергесін Есім Хан жиырма күндік соғыстан соң Тұрсын Ханның басын алады. Оның айналасындағы Тұрсын Ханды қолдаған рулар мен тайпалар **«Қатаған»** аталып қырғын тауып, Ауған, тәжік жеріне дейін қашып, сонда тұрақтап, парсы дирхемдердің салт-дәстүрін қабылдап тексіз болып кетеді.

«Орбұлақ», «Мыңға жалғыз Бозайғыр шапқан» заман – 800 сарбазбен **«Орбұлақ шайқасында»** 55 мың дүрбіт, қытай, жоңғардан тұратын жау әскерлеріне қарсы соғыста теңдессіз әскери тактикалық соғыс шеберлігінің асқан биік үлгісін көрсетіп, адамзат тарихында күші басым жаудан жерді қазып, қорғанысты ұйымдастыра білген **Салқам Жәңгір Хан** бастаған Қазақ қолбасшылары Қазақ атын аспанға шығарады.

«Киелі шапан қарғысы атқан заманы» - «бұлжытпай орындалуға тиісті Даланың Ұлы заңы **«Ясақ»** пен **«Жеті Жарғыны» өзгертемін!**» - деп астамсыған және Тектілердің шешімімен берілген **«Ақтуар тонды»** Қазақтың Текті Биінің үстінен тартып аламын деп, шектен шыққан Есім Ханның басы Арқада шабылады.

«Бозторғай қонақ» - «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған, молшылық пен береке қонған, бейбітшілік заман» Әз Тәукенің тұсында болған.

«Бақ тайып, бақа жайынды жұтқан» заман – орыс патшасының қазақ жеріне еніп, билік басынан Тектілерді ығыстырып, байлық пен мансап қуған сатқындар мен жемқорлардан аға сұлтандар сайлап, олардың бұлжытпай орындалуға тиісті халқымыздың салт-дәстүрлері мен Ұлы Даланың киелі заңдарын аяқ асты етіп, аз күшпен саны басым жаудан қорғанып, қарсы соққы беріп жеңіске жетудің сан түрлі әскери құпияларын да сатқындықпен ашып берген, орыстың заңымен, дәстүріне, тіліне бой ұрып, азғындандудың басталған дәуірі **Кенесары заманынан** белең алады...

Өнер, ілім, мәдениет туралы.

1. Ай жүзіндей жарқыраған «Нұрлы шежіре».
 2. Айтсаң айнымас «Асыл шежіре».
 3. Көрсен көзің тоймас, ұрпақ аумас «Алтын шежіре».
 4. Атасының борбайын, анасының ойбайын айтар «Аңыз шежіре».
- (Асан Қайғы)

Адам Ата мен Хауа Анадан адам баласы тараған күннен бастап айтқанда, жұмыр Жердің бетінде ең алғаш рет, «Қараңғының ләззатын, жарықтың нұрын, аң менен құстың, жалпы тіршіліктің және табиғаттың барлық құбылыстарын» зерттеген, оны адам баласының сана-сезіміне жеткізген және мұра етіп кейінгі ұрпақтарына үйретіп, тасқа бейнелеп салмаған, өнер, ілім, мәдениетсіз адам баласы «тұл!» - деп өсиет қалдырған Ұлы Бабаларымыз Кер Сақ Аб «Сансыз Баба», Алаша Қаһан, Қазақ Қаһан. Және адасқан адамзат қауымына Нұрлы Исламның шуағын сепкен соңғы пайғамбарымыз Мұхаммед Ғ.С.

Сайрамдағы Кер Сақ Аб «Сансыз Баба».

- Уа, Айқарақ Керей Хан!
Жүрегімді сыздатқан
Көңілім тола шерім бар!
Әруақтарды тербетіп
Сақ Абадан қозғасам!
«Он Алты Барыстан» жолың бар!
Алаш атты түбің бар!
Қазақ атты сүтің бар!
Алты Арыстан тараған,
Алдыңда қалың жұртың бар!
«Төрт Алқа» соғысын ұрандап,
Шұбырып келеді зұлымдар!
Қаптаған мынау зұлымдарға
Лашын құстай түйіліп,
Бүркіттей бүріп желкеден,
Қыран құсындай қоныңдар!
Көкжалдай орап алды-артын,
Барыстай жарып ортасын,
Ескендір есінен танғандай,
«Қансуарлап» ұрандап,
Қазақтың көтеріп байрағын
«Жойқын Дарияға» салыңдар!
(Асан Қайғы)

Сайрамдағы сансыз Баб - деген сөзді қазіргі ел ішінде – есепсіз, өте көп әулиелер өткен деп ұғады. Бұл қате ұғым. «Сансыз Баба» атының өзі айтып тұр. Бұрын Ата – Бабамыз «Құдай Бір, Құдай Жалғыз!» - деген соң, мұндай атақты адам баласына

бермеуге тырысқан. Оның ішінде әулие адамдарға, соның бірегейі **Кер Сақ Аб Сансыз Баба**. Бұл кісі санға кірмейді. **«Бір саны Ұлы Жаратушы Көк Тәңіріне ғана лайық, ал қалған сандар бұл Ұлы көсемге лайықсыз!»** - деп, **«Сансыз»** - деген ат берген. Және бұл сөз: **«Сыңары жоқ!»** - деген ұғымды да білдірген. Осы **Кер Сақ Аб «Сансыз Баба»** өзінен басқа Сақ тайпаларының он бес көсемін біріктіріп, **«Алқан ыдысқа»** білектерін тіліп өз қандарын құйдырып: **«Жүрегіміз де, жолымыз да бір!»** - деп, Ант ішкен соң, айнала қоршаған халқы бұларды **«Он Алты Барыс!»** - деп атайды.

«Құдай жер бетінде!» - деп жүрген Пірауындарға (Фараондар) және оларға бағынып тұрған адам жегіш тайпаларға қарсы **«Он Алты Барыс!»** алғаш рет соғыс ашып, оларды адам бармас **Сахараға** дейін қуып барады.

Әлиасқардың түсініктеме-баяны:

«Ата–Бабаларымыз өте атақты ірі тұлғаларға, оның ішінде осындай әулие бабаларға, бірдің орнына **«Пір»**, **«Сансыз»**, яғни санға жатпайды» - деп, **«Жеке»**, **«Жекен»** – деген сияқты атақ берген. **«Жалғыз»** - деген сөзді жетімге, батырға берген. **«Жетімнің көз жасы көп, құдайдың сағыры, өзі жылап өтсін, бірақ елге бермесін!»** – деген. **«Батырда кісінің қаны бар, өзімен кетсін!»** - дегені. Батырдың атын мешіттерге берген. Мектепке, медресеге беруге тиым салған. Себебі ондағы шәкірттер қанішерлік жолға түседі деген қауіп болған. **«Жалғыз»** - деген атауды жерге, төбеге, т.б. жансыз тіршілікте кездесетін тұтынатын затқа береді. Бұрын Ұлы Бабаларымыз ұлдары немесе қыздары жалқы, яғни біреу болса: **«Жалғыз»** - деп атауға тиым салған.

Ежелгі Сақтар дәуірі. Жартастағы сурет 1.

Алты Алаш» - деп кімді айтамыз?

Санның басы **Кер Сақ Аб!**
«Сансыз Баба» - Ол Сайрамдағы!
Мұхаммед те іздеген **Кер Сақ Абты,**
Ол Алланың Елшісі Пайғамбары!
«Алты Алаш» - Алтын тамыры Жұмыр бастың!...
Жалған деп тіршіліктің бұлағын кім айтады?!
Сөзінде Кер Сақ Абтың бар ма жалған?!
Басында **Айыртаудың** кеме қалған!
Сөзінде Кер Сақ Абтың болса жалған,
Тіршілік Жер бетінде қалай қалған?!
Алаша Қаһан «Танау» өзеніне табан тіресе,
Қазақ Қаһан Жаһанның бәрін алған!!!
«Перғауындар мен жөйіттерден құтқарам!» - деп,
Күрең Алаш «Егіз Тұмсықтан» оралмаған!
Жер бетіне «Ана Тұрықтың» көз жасы жиылып,
Күрең Алаш **Атажұртқа** аса алмаған...
«Құсшөлдеген» жұтына шыдай алмай,
Жампозы Жеті Самурын ауа көшіп,
Тексіз атанып ұрпағын қоса алмаған.
Кер Сақ Абтың бір ұрпағы «**Ешқубозы**»,
Жұт келгенде **Атажұртты** тастай қашып,
Тәңірқұттың қаһарына ұшыраған!
Атажұрттан жерігендер Ел көрмейді!,
Өлсе «**тәнін**» Жер қойнына жасыра алмаған...
О киелі Айыртау Қазығұртым!
Тектілердің Шаңырағы Атажұрттым!
Тоқымыңа бас иіп, бата тілесе ұрпағы жоғалмаған!
Қарт Қазығұрт, көзбен көріп көрпеңе бас имесе,
Көлденең атты сырыңды ұға алмаған...
(Құйма Құлақ Жүсіп Баласағұн)

Қазақ халқының соңғы Сыпыра шежірешісі **Әлиасқар Байғұтұлы** (21.03.1898 ж. – 22.03.1981 ж.) «Біқылым» замандардан келе жатқан «Бестаңба», «Ізбөрі», «Жұрнақ» кітаптарынан оқыған тарихаттарды, оның ішінде 5 мың жылдар бұрын ғұмыр кешкен Ұлы Бабаларымыз Алаш Қаһан мен оның қос егіз ұлдары **Қазақ Қаһан** мен **Созақ Қаһан** туралы деректерді, Қазақ халқының шығу тегі мен ерте дәуірлердегі ұлы уақиғалар тізбегін кешегі компартияның қылышынан қаны тамы тұрған тар заманда құйма құлақ ұлы Ақпантайға: «**Желбірете Ту көтеріп, Елші салып, желпіне сөйлер күн келер! Халқыма жеткіз Аманатты: «Тарихат пен Ақиқатты!»**» - деп, өсиеттеп тапсырып кеткен осы киелі шежіредегі «Алты Алаш» - туралы тарихат – баянды отаршылдық зұлматты дәуірлер қасіретінің арқасында өткенінен, киелі де, текті тарихаты мен ақиқатынан ажырап қалған **Алты Алаштың** бүгінгі ұрпақтарына жеткізуді жөн көрдік:
«Сақтан - Кер Алаш. Кер Алаштан - Алаш Қаһан. Алаш Қаһан мен Ұлсай

Емер Анамыздан - Қазақ пен Созақ және Құзын Сауға атты қыз туылады.

Өте қаһарлы болған **Созақ Қаһаннан** ұрпақ қалмапты. Құзын Сауғадан **Ыслабандар (Славяндар), Һароттар (Хорват, қарофат, словен, украин, беларус, поляктардың атасы) Шалағандар** (яғни: «шалақандылар» - деп аталған: ағылшын, саксон, кельт, баскі, т.с. сияқты Европа халықтарының аталары) тарайды.

Қазақ Қаһанның – Қаранас және Бекірана атты екі жарынан қос ұл қалады.

Қаранас Анамыздан – Жамақұт деген ұл туылып, бұл үлкен ұлынан - **Арсат (Ар Аб)** пен **Парсат (парсылар)** тараған.

Бекірана Анамыздан – Халух атты ұл туылады.

Халух Бабамыздан - Текті, Түкті, Керүкі, Тәуекел атты ұлдар туылады.

Тәуекелден - белгісіз әулиелер тарапты. Ұрпақтары белгісіз.

Керүкіден - Субұлке, Тайға атты қос ұл туылады.

Субұлкеден – Жампозы тоқыма Жеті Самурын (жапондар) елі тараған.

Тайғадан – Мانتұқ (мансилар), Хантуқ (хантылар), Бұрата (буряттар) елі тарайды.

Текті Бабамыздан - Арғын, Керей, Уақ туылады.

Түкті Бабамыздан – Найман және егіз ұл **Қыпшақ пен Сүмбіле (Қоңырат)** туылады. Сол дәуірлерде **Жұмыр Жер Жаһандағы** ең биік тау (үш рет қирап құлап, қалаларды, оның ішінде Жер Жаһандағы ең ежелгі Сайрам шаһарын басып қалған) **«Айыртау – Қазығұртқа» Үркер** жұлдызының өте жақын келуінен **«Құшпөлдеген»** жұты пайда болады. Ауаның аптапқа айналып қатты ысуынан бұлақ, өзендер мен көлдер тартылып буланып ұшып, өсімдік жамылғылары сарғайып күйіп тозаңданып, жердің беті тілім – тілімденіп, қақ айырылып, белбеулене ағымданған сағымдар пайда болады. Бір тамшы да су таба алмай құстар бірінші ауады. Жан–жануарлар мен қаншама халық қырылып, тірі қалғандары жан-жаққа босып, жер бетінде суы бар деген жерлерге ауып, небір тайпалар мен елдер жер бетінен жойылып кетеді. Жалпы мұндай жұттар Ұлы Далаға тоғыз рет келіп, араға **100, 200, 500, 900** жылдар салып қайталанып отырған.

Балапан басына, тұрымтай тұсына ауған дәуірлерде **Қазақ Қаһанның** ұрпақтары да сулы жер іздеп жан – жаққа ауады. Үлкен ұлы **Жамақұттың** ұрпақтары **Арсат** пен **Парсаттан** тарағандар **Құшпөлдеген» жұты** есеңгіретіп, түстікке қарай ауады да **«Сірке» шөлінен** бірақ шығып, неше түрлі діндер ұстаған Ғұпсыл тайпаларынан шыққан **«Пирауындардың»** үрім – бұтақтарына барып ұрынады. Олар бұл келген тайпаларды көріп: *«Нағыз құдайлар осылар!»* - деп, аяғына жығылып бар байлықтарын алдарына тастап бастарын иеді. Себебі бұл жергілікті ғұпсыл тайпаларының Алаша Қаһан мен Қазақ Қаһандардың жорықтарын әлі де ұмытпаған кездері екен. Арсат пен Парсат тайпалары бұл тайпалармен араласып, тілдері мен салт-рәсімдерін ұмытып, солардың діндеріне кіріп, тексіз боп кетеді.

Субұлкеден тараған **Жампозы тоқыма Жеті Самурын** елін жеті жігіт бастап **«Құс жолын»** бағытқа алып **«Жетпіс бұлақты»** жерге барып бірақ тоқтайды. Кейін Тәңірқұттың көз жасынан Жұмыр Жер Жаһанда су көтерілгенде **Егізтұмсық Қос Марал** (қос Америка) құрлығымен бірге бұл жерлерде **Жалпақтұмсықтан** (Евразия құрлығынан) бөлініп, бұлар сол жаңадан пайда болған аралда тұрақтап қалады.

Тайғаның ұлдарынан тарағандар да мұзқабатты жерлерге дейін ауып, сол жердің халықтарының дәстүр, тілін қабылдап, сол елдерге сіңіп тексіз болып кетеді.

Текті мен Түктінің ұрпақтары **«Ала қабат, мұз қабатты»** жерлерге дейін ауып

барып, **«Құшөлдеген»** жұты қайтқасын **Атажұрт Қазығұрт** пен **Анажұрт Алтайдың** арасына қайта келіп қоныстанады. Жан бастары көбейіп **Алаш** пен **Қазақ Қаһандардың** Ұлы да, Текті өсиеттеріне, тілі мен діліне, дініне, салт – дәстүрі мен бұлжытпай орындалуға тиісті рәсімдеріне, **«Мейірім мен шапағатына»** - деген адалдығын сақтаған **Текті** мен **Түкті** Бабаларымыздың Текті ұрпақтары **«Алты Арыс - Алты Алаш»** атанып **Тұран Елін** кұрайды. Тұранның ежелгі астанасы **Үш Аб** шаһары, кейінгі дәуірлерде ислам діні келген соң: **«Таразыдай» әділді Билер өткен»** - деген ұғыммен, **«Тараз шаһары»** - деп аталып, Тұран Елінің шекарасы бір жағы **Итжеккенге**, ал батысы **Күлтөккенге** (Помпей) дейін жетеді.

Алыс жолдарға жүруге жарамаған қарттарға, сәбилері мен жас балалары бар аналарға бас – көз болуға **Атажұрт Қазығұртта** қалдырылған **Алты Алаштың** ең кенжесі **Сүмбіле Атамыз** (Қоңыр Ата): **«Уа, Көк Тәңірі! Алысқа, мұзқабатты жаққа ерте көктемде кеткен бауырларым мен халқым аман-есен оралсын!»** - деп **«Нәл Төбенің»** (қазіргі Ордабасы) басына шығып, мойнына бұршақтан тізбек салып Көк Тәңіріне жалынып, сиынып отырады екен. Атажұртта қалған бұл Бабамыз айналадағы қалған елді біріктіріп жер астын тереңдете үнгіп қаздырып адамдар паналайтын ғимараттар салдырады. Жер астынан су көздерін іздеп тауып, ғұмырында екі рет **«Құшөлдеген»** жұтынан мыңдаған адамдарды құтқарып, әрі бет жүзі әбден қарайып, қоңыр тартып өзі де бұл нәубеттерден аман – есен шыққасын, халық таң қалып оны **«Қоңыр Ата Әулие»** - деп атап, азан шақырып қойылған **«Сүмбіле»** – деген аты ұмытылып кетеді. Кейінгі замандарда үндестік тіл салтымызбен **«Қоңыр Ата»** - сөзі **Қоңыратқа** өзгерген.

Бұл Атамыздың 90 Бауынан (Ұлдарынан): оғыздар, әзері түркілері, түркімендер, өзбектер, қарақалпақтар, ғағауыздар, қарайымдар, кейбірі кавказ бен Еуразия халықтары құрамына кіріп, сіңіп кеткен.

Тұран Елінде шаһарлар мен шамдардың астына жерасты ғимараттары мен жер асты жолдарын салу осы «жұттардан» соң бастау алады. Қуатты қаһандар мен патшалардың тұсында мұндай ғимараттар тастан, кірпіштен көптеп салынады. (Кейінерек бұл ғимараттар жау келгенде адам жанына ара түсер, тума қасиетті **«Борсық»** емшілерді, **Сыпыра шежірешілерді**, құпия, жойқын қару жасаушы **«Бармақ»** ұсталарды, аналар мен балаларды сақтап қалу үшін қолданылған). Күндіз қала тұрғындары жер астына түсіп кетіп жан сақтаған. Мұндай жер асты ғимараттарын Ұлы Бабаларымыз: **«Стан»** - деп атапты.

Сақтардың **«Ешқубозы»** - тайпалары жайлы шежіреде: **«Алаша Қаһанның жол бастаушы «Сүлкесі-Ешқубозы» тайпасы болған. Бұл тайпа үрім-бұтағымен «Құшөлдеген» жұты жер бетіне үшінші рет төнгенде «Танау» өзенін жағалап «Ала Тұрық – Ана Бұртыққа» барып, бірақ тоқтап сол жерде мәңгілікке тұрақтап қалды. Сүлке – Серке, Субир – Сұлбөрі хандығын құрады. «Құшөлдеген» жұты қайтқаннан кейін Атажұртқа шақырса да келмегесін Тәңірқұттың қарғысына ұшыраған!»** - деп жазылыпты шежіреде. Бұлардан қазіргі Солтүстік Америка құрылығындағы Аляска мен мұз басқан Гренландияны мекендейтін эскимос халықтары тараған.

Ал **Қазақ Қаһанның** басқа Атадан тараған ұрпақтары **«Құшөлдеген»** жұттары қайтса да, **Атажұртқа** кейін қайтпай барған жерлеріндегі елдер мен тайпаларға сіңіп, мәңгілікке тұрақтап, тілдерінен, Аталарының салт - дәстүрі мен бұлжытпай орындалуға тиісті рәсімдерінен айырылып тексіз атанып, дәуірлер ауа келе бұлардың кейбірі **Алты Алаштан** тарағандардың бітіспес жауларына айналады...

Қазақ Қаһанның ұлдарының есімдерімен **Халуктан** тараған түркілердің сөз салтында: **«Уа Халайық!»** - деп көпшілікке қарата айтылған арнау болса, ал **Жамақұттан** тараған арабтар мен парсылар тілінде де осылай айтылатын: **«Уа Жамағат»** - деген сөздер, діни қызметкерлер арқылы қазір біздің де тіл салтымызға берік енген.

Текті - Ел басқарған. **Түкті** - әскер басқарған. **Төркі** - әскер. **«Төркі»** - сөзі кейін **«Түріктер»**, **«Түркілер»** - деп аталған. Бұл сөздердің мағанасы бір. **Төркі: «үй, яғни төртеу»** - деген сөз. **«Түркілер»** - деп, алғашқы рет **Пірауындар** (Фараондар) айтқан. Себебі: **Сақ жауынгерлері** жорықта жүріп демалғанда, әрбір төрт жауынгерден топтасып найзаларын жерге қадап, саптарын қосып, біріктіріп, байлап, үстеріндегі аң терісінен жасалған сырт жамылғы киімдерін жауып, ішінде отырып ас ішіп және табиғат құбылыстарынан қорғанған.

«Түркі» - сөзі, **Ғұпсыл тайпаларынан** тараған **Пірауындар** тілінде: **«Көшпенді жауынгерлер!»** - деген қаһарлы ұғымды білдірген.

«Бестаңба», **«Ғасыр табақ насыяты»** - кітаптары, жер, су үсті, асты қазба байлықтары туралы және аспан әлемінің, жұлдыздар мен аспан денелерінің қоршаған ортаға тигізер әсерлері жайлы, мыңдаған жылдар бойғы халқымыздың тарихы мен өсиет, насыяттары жазылған құпия кітаптар. Түпнұсқасы теріге жазылып, барлық ұзақ сақтау шаралары асқан ыждағаттылықпен жасалып, киелі, құпия құдықтарға тасталыпты. **«Болашақта келетін халқымыздың «Алтын Ғасыр» заманында табылады!»** - деген Ұлы Бабалардан насыяттар қалған. Араб харпімен жазылған, Шағатай тілінде жазылған ішінара көшірмелері кешегі 20-шы ғасырдың зобалаңдарында жойылып, кейбірі Ресейге әкетіліп «қолды болған».

«Күрең Алаш» - **«Күрең Алаш Сақ Аб Қаһан»** - **«Құдаймыз»** - деп астамсынған Пірауындар мен оларға бағынып тұрған адам етін жейтін **«Арыстан тайпаларының»** соңғы армиясын **«Егізтұмсық Қос Маралға»** (қазіргі қос Америка құрылығы) дейін қуып барып, сонда қырады. Алайда Тәңірқұттың көз жасынан **Көк Тәңірінің** құдретімен су көтеріліп, кейін **Атажұртқа** қайта алмай, сол құрылықта қалып қояды. Қазіргі Америка үндістерінің тілдерінде түркі сөздері көптеп сақталған. Америка құрылығындағы және Анд тауларындағы үндістердің тұрмыс салттарында қолданылатын көптеген бұйымдардағы өрнектер де бізге келеді.

«Атажұрт» - деп, тіршіліктің бастау алған **Қазығұрт тауын** айтқан. **Айыртау** – Қазығұрт тауының **Ислам діні** келгенге дейінгі аты.

«Етборсық» емші – деп: *«Адамды емдеу кезінде, бұл емшілердің кескен, тілген дене мүшелерінде, борсықтың денесіндей қайта тез бітіп, білінбей кететін қасиетін айтады».*

Түсіндірме:

«Ешқубозы» - **Эскимос халықтары** - сандары өте аз. Қарғысқа ұшырағандары рас болар, айнала мәңгі мұздақ жер, бұлар топыраққа жерленбей мұзға көміліп немесе мәйіттерін теңізге тастайтын жерлеу рәсімдері орындалады, тәндері жабайы аңдар мен теңіз жандықтарына жем болады екен. **«Танау»** - өзені, бұл қазіргі **Обь** өзенінің ежелгі аты. Ерте дәуірлерде **Шаһар** – деп, тұрғындарының саны 70 мыңнан асқан елді мекендерді айтса, **Шам** – деп, халқының саны 20 мыңнан астам қала - елді мекендерді айтыпты.

«Стандар» – алғашқы жер асты ғимараттарының бірі, **«Құшпөлдеген»** жұтында Ұлы Бабаларымыз жасап кеткен, кейінгі замандарда **«Пәттек әулие»** - деп, аталған

киелі орын Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданындағы «**Ақмешіт**» - деген жерде сақталынып қалған. Ұзындығы 160 – 170 метр, ені 100 метр, тереңдігі 60 метр келетін, астындағы ағып жатқан бұлағын белгісіз әумесерлер осы біздің заманымызда – ақ жарып құртқан. Бұл жердегі ағаштар жап – жасыл боп қысы – жазы көгеріп тұрады. Ал Арыс өзенінің бойындағы «**Стандар**» түрлі табиғи апаттардың арқасында қирап кеткен. Кейбірінің қалдығы Ордабасы ауданының аумағында кездеседі. Ал «**стандары**» тастан және кірпіштен салынған, халқының саны 20 мыңнан асқан жер астында орналасқан «**Қалаш**» қаласы қалмақтармен соғыста қираған. Ал қалдықтарын Генерал Черняев бұзып қиратса, ең соңғы «**Стандарды**» совет үкіметіне қарсы көтеріліске шыққандар жасырынған деп НКВД әскерлері жарып жіберіпті. Бұл қаланың орны қазіргі «**Қалаш**» темір жол бекетіне жақын жерде.

Мұндай «**Стандар**» **Керүкі** (Павлодар), **Семей** жерінде, **Алмалы**, **Құлан**, **Тараз**, **Қазығұрт**, **Сайрам**, **Дәліз** (Шымкент), **Қалаш**, **Отрар**, **Жент**, **Ақмешіт** (Қызылорда), Сыр бойындағы шаһарлардың астына, **Сарайда**, әсіресе Қырым хандығы жерінде көптеп салынған. Оны кейінгі заманның адамдары: «**Катакомба**» – деп атап жүр.

«**Ала қабат**, **мұз қабатты**» жерлер – деп, бұрын Бабаларымыз қазіргі Арктика жағалауындағы топырағын мәңгі мұздақ басқан **Тундра** жерлерін айтқан.

«Бесторанғыл Даласында» Ұлы «Бес Әулиенің» Алты Алашқа (Арысқа) берген батасы мен белгілеп берген «Ел таңбалары».

Қазақ Қаһан дүниеден озып, арада 251 жыл өткен соң сәуірдің 11 – ші жұлдызында Сақ тайпаларының игі жақсыларымен бірге Ұлы Бес әулие: **Дулығалы Ата**, **Әулие Ата**, **Қоңыр Ата**, **Ұзын Ата** мен **Жылаған Аталар** және **Алты Алаш**: **Арғын**, **Керей**, **Уақ**, **Найман**, **Қыпшақ**, **Қоңыраттар** осы жерде жиналып басын қосады. Айнала жиналған халық орындарынан тұрып, Ұлы Бес әулиеге құрмет көрсетеді. Бес Әулиең алдындағы тұғырға балақ бауымен қыран бүркіт қондырылады. Айналада тылсым тыныштық орнайды. Олар ең алдымен **Алты Алаштың** үлкені **Арғынды** тұрғызып:

- **Ормандай көп әулеттің үлкенісің! Сен енді мына қыранның басы мен көзісің!** - дейді. Ол орнына жайласып отырған соң ортаға Найманды шақырып алып:

- **Сен бала, қыран бүркіттің құйрығысың!** - десе, одан кейін Уақты тұрғызып, қастарына алып басынан сипалап:

- **Сен, бүркіттің сол қанатысың!** - дейді. Ал Қоңыратты ортаға шығарып:

- **Сен бүркіттің оң қанатысың!** - дейді. Одан кейін Қыпшақты орнынан көтеріп:

- **Мына қыранның Сен, қос шеңгелісің!** - деп, ақырында Керейді қастарына шақырып алып, қыран бүркітті меңзеп:

- **Қане, қыран бүркітті ұшыр!** - дейді. Керей бүркітті байлауынан босатып, ұшырып еркіне жібереді. Қанатын қомдап, көкке қалықтаған қыранға қарап:

- **Көрдің бе?** - дейді ақсақалдар.

- **Көрдім!** - дейді, Керей қос қолын қусырып, басын изеп.

- **Ендеше, Сен сол қыран тұратын қара шаңырақтың иесі, қанатын тұғырысың!** **Беталды ұшып кетпес үшін қыранды байлап ұстайтын балақ бауысың!** – деп, бесеуі біртіндеп бата береді. **Ұзын Ата әулие бірінші тұрып:**

- **Уа, «Болашым»!**

Дін тағызымға дейін еді...

Сендерге шейін еді!

Жер беті тегіс еді...

Жүрсең мәуе жеміс еді...

Қоңыр да бізбен бірге болған!

Қоңыр - Сағыр егіз еді.

Алаштан тарағандар,

Қазақ болса,

«**Қай Сақ Абтан**» толғаса да, негіз еді!

Түсінбегендерге «Зейін» енді.

Келдім, көрдім, берді!

Қазақ Қаһан жұтқа, жауға, қанағатқа бейім келді!

Тіршілік басы Қазығұрт»!

Барлығы «**Нұхтан**» кейін көрді!

Шырақшы Киелі Табақтан! Сұраушысы Төрткүл-Шілік! – деп, бетін құбылаға

карай бұрғанда, оқыс жел көтеріледі.

Қоңыр Ата әулие орнынан тұрып:

- Уа момындар!

Сағырды іздесең – Қоңырды айт!

Жалынып іздесең – Тәңірді айт!

Жығылып іздеме - көңіліңді айт!

Киімнің күйі – сән, көңілдің күйі - ән!

Ұранның атасы– Уахайт!

Сәбидің бұлағы – Хауанайт!

Қанағатсыз - «**Көк мүсілдің**» Тәңір көңілін сұрамайды!

Имансыз Ел құрамайды!

«**Өтті!**» – деп, өмір өкінбе!

Өсиет, өрнек бізден бұйырсын Сіздерге!

Мәңгілік ешкім тұралмайды! «**Әумин!**» - дегенде, аспанды қара бұлт қаптайды.

Дулығалы Ата:

- Батырлық – Керейден, жаттық – «екейден»! Тәңірді тану – адамнан, Қазақ
Қаһаннан! «**Қүсілім**» заманнан. «**Бесеуміз - бес арна, Бес - табаннан!**» «**Алтауыңа**
құт қонсын! Кім озбайды мына бес күн жалғаннан! Өсиет - насият қалсын әр шаһардан!
«**Әумин!**» - деп, батасын бергенде көкте күн күркіреп, найзағай ойнайды.

Жылаған Ата:

- «**Теле**» көрме, «**Түле**» көр!

Бәлесін қашырып, **Бата** бер!

Бөке ұстаса, **бөпе** бер!

Жаялығың гүлденіп,

Пәлегін шашып түйнесін!

Немерең шаңырақ көтеріп,

Шөбере жетектеп сүйе бер!

Ғасырдың көпірін жалғай бер!

Тозса, жаңасын кие бер!

Тәңірінің берген ырзығын,

Ысырап етпе сұрауы бар!
«Өзім!» - деген өлген сөз,
Екі езуіңе еге бол!
Бөз кебін кімге таңылмас,
Ажал айтып келмейді!
Киелі өсиет өлмейді!
Имандық аманатыңның айнасы,
Сәулесін көрсең келе бер!
Hoш, hoш дәурен, көш дәурен,
Бақ, ынтымақ егіз төл
Екеуін іздер бұл дәурен!
Жұбың болсын жұмақтай!
Қиындыққа төзе біл!
Азғындарға жолама!
Байлық тілеп жылама!
Тілесен таза ниетпен,
Тектілермен тізе қос!
Ар – ұятты сезе біл!
Ләпсінді тыйып тәу етсең,
Алтайы қызыл қу дүние
Қусаң түсіп ізіне,
Жылан шығар алдыңнан!
Сезе білсең, жоқшылықты сезе біл!
Жамандық, жақсылық қос арна,
Құлашыңды жайсаң, жүзе біл!
Садақаң қайыр өзіңе,
Жолың болсын жүре бер! Әумин! – деп, батасын беріп, аяқтағанда жауын

жауады.

Әулие Ата:

- Киелі сөз өлмейді!
Баталы тон тозбайды!
Дуалы ауыз бұйырса,
Жүйелі болып, жүрегіңе құйылса!
Рухы биік, жаны таза Ер өлмес,
Бір Тәңіріге сиынса!
Төртеудің түгел түбі бір,
Алтау ала болмасын!
Омыртқалы Алты Алаш,
Тұғырына қондыра біл
Босамасын қабырғаң!

- **Ілім – Ілматтан, Ынтымақ – Мәссағаттан, Тәуекел – Қоссағаттан туылған!**

Біз сапарға дайындалып жатырмыз! Мына қыранның тұмсығы қатты, шеңгелі уысты, қанаты қаһарлы, құйрығы жұмсақ, тұғыры дәулетті! Осы айдың ішінде бейсауыт қызықшылыққа ұрынбандар! Осы айтқанымды ұмытпандар! Әумин! – деп, батасын беріп болғанда жауын тоқтап, айнала шарадай ашылып, бүкіл

дала құлшырып құстар ән сала бастайды. Осыдан кейін Бес Әулие жиналған халықпен хайыр - хош айтысып, бесеуі бес тарапқа, оның ішінде **Кер Атаның ұрпағы Дулығалы Ата** «Бестораңғылдан» киелі Арқаға қарай жол тартады.

Сол өңірде «**Бес Әулие**» отырып бата берген жерден бес тораңғыл ағашы өсіп шығып, кейінгі дәуірлерде қалың орман - тоғайға айналады. Бірде сол тоғайдан өрт шығып, қалың орман өртеніп кетеді. Тек **Бес Әулие** отырған жердегі «Бес тораңғыл» ағаштары ғана аман қалып, бұл жер осыдан былай: «**Бестораңғыл Әулие**» - деп аталады.

Арғын «Аға баласы» – «Теңеу», яғни «**Таразы - ∞**».

Керей Батыр «Тонның жағасы» - «**Көкбөрі!**».

Уақ - «Дәнекер», яғни «**Жалғау**».

Найман - «Себепкер», яғни «**Байлау**».

Қыпшақ - «Төзім бер», яғни «**Табан - =**».

Қоңырат - «Мойын бер», яғни «**Босаға - П**».

Ұлы Әулиелер мен Жылаған Атаның батасындағы ежелгі Сақ тіліндегі айтылған, ал қазіргі заманда қолданылуы өте сирек сөздерге **Сыпыра шежіреші Әлиасқар Байғұтұлының түсініктеме – баяны:**

«**Болашым**» - Ежелгі Сақ тіліндегі: «**Алты Алаштың ұрпағы, келешегі, болашағы**» - деген қанатты аты, ұғымы.

Қоңыр Ата Әулие, Қыпшақ Атаның егізінің сыңары. Азан шақырып қойылған аты **Сүмбіле**. Екі рет «**Құшөлдеген**» жұтынан аман шығып, аққұба бет жүзі қара қоңырланып, ұзақ ғұмыр кешкен әулие.

«**Көк мүсіл**» - деген сөздің мағанасы ежелгі Сақ тілінен аударғанда: «**Мың қойды бір өзі еміп, мың фәниден салауат тыңдап қайыр–садақа алса да, тойдым!**» – деп, қанағат тұтпаған «жетімді» айтады. Бұл фәндәнің екі дүниесі де улы, ащы зарға толы!» - депті, Ұлы Әулие.

Әулие Атаның азан шақырып қойылған аты - **Ысқазы Ертеқ**. Бұл азамат **Егізтұмсық Қос маралда** (қос Америка құрылығы) **Фараондар** мен олардың одақтасы соңғы адам жегіш тайпаларды Жер бетінен жойған **Күрең Алаш Сақ Аб Қаһанның** ұлы. Бұл Ұлы Қаһан **Ысқазы Ертеқ** өзі бесікте қалғанда жаугершілікке кетіп, су көтеріліп кейін қайта алмай қалған **Күрең Алашты**, өзі 14 жасқа келгенде әкесінің тағына отырғасын, соңына әскерін алып 18 жыл бойы құрылық бар жердің бәрін шарлап шығады. Ешбір жерден «**көрдiк - бiлдiк**» - деген, дерек шықпағасын әкесіне деген сағыныштың құрметіне **Талас** өзенінің бойына «**Үш Аб**» - деген шаһар салдырады. Кейінгі замандарда Ислам діні Жер жаһанға қанатын жайғанда бұл шаһар: «**Тараз**» - деп аталып кетеді.

Әулие Ата – Ысқазы Ертеқ «Науша жастан», 2 «киелі жас» асқан соң «**Ұлы Мәссағатта**» Қаһандыққа лайықты азаматты сайлатып, өзі Ұлы Қаһандардың салты бойынша Ұлы Бабаларының жүрген, жерленген жерлерін аралап зиярат жасауға аттанып кетеді.

Кейінгі заман тарихшылары орта ғасырлардағы **Сары Оғлан Қарахан патшаны**, 5 мың жыл бұрын ғұмыр кешкен «**Әулие Ата – Ысқазы Ертеқпен**» шатастырады.

«**Бес Әулие**»: **Ұзын Ата, Қоңыр Ата, Жылаған Ата, Дулығалы Ата және Әулие Аталар** 5,5 мың жылдар бұрын өмір сүрген Ұлы Алаш Қаһанның (Алтын Адам табылған, Есік қаласына жақын жерде) мазаратынан топырағын алып, белбеулеріне түйіп әкеліп «**Бестораңғыл Даласына**» шашады. Ондағы мақсаттары: «**Ұлы Қаһанның қасиеті мен ырыс – несібесі оның қызы Құзын Сауғадан тараған Батыс Елдеріне** (Ыслабан, Шалақан,

Һароттар) ауып кетпей, осы киелі Ұлы Даламызда Алаш пен Қазақ Қаһандардың тіліне, діліне, дініне, салт – дәстүрі мен рәсімдеріне деген адалдықты сақтаған киелі де, текті ұрпақтары мекендеген Атажұртта қалсын!» - деген, ниеттен туындаған екен. Осы жерде Ұлы «Бес Әулие» Алты Алаштан тарағандарға бата беріп, таңбалар үлестіреді. «Бес Әулие» отырған жерге «бес тораңғыл» ағашы өсіп шығады. Қазақ Даласында қандайда бір қиямет, қилы замандар болса да «Бестораңғыл Әулиедегі» ағаштар саны бестен кемімеген. Елдің басына киелі де, қасиетті Қаһандар мен Хандар келген дәуірлерде ағаштар саны күрт көбейген.

Жатжерлік парсы – дирхемдер мен араб, етүрейлер билік құрған Тұран Елін азат еткен Ұлы Шыңғысхан Тұран Елінің басына келіп, Ұлы Далаға билік жүргізген, «алтын аяқтан ас ішкен, тура да, әділ болмасаң, қос йықтан бас түскен!» - деген заманда осы жердегі тораңғылдар саны 20 мыңға жетіпті.

«Шілік» - деген сөздің мағанасы, Ежелгі Сақ Бабаларымыздың тілінде: «Жалғыз», жер бетінде басқа болмайды!» - деген ұғым.

Кейінгі дәуірлерде Бабаларымыз: Ұлы Қаһандар мен Ұлы Билер, Батырлар бұл Ұлы Әулиелердің мазараттарының басына барып, Көк Тәңіріне жалынып: Әулие Атадан – иман тілеген, Дулығалы Атадан – батырлар кешірім сұраған, Ұзын Атадан – жол тілесе, Жылаған Атадан – денсаулық тілеген, ал Қоңыр Атадан – Ел, ұрпақ тілепті.

Бұл Бес Әулие Мұхаммед (Ғ.С.) пайғамбарымыздан «Жеті дәуір» бұрын өмір сүрген. Бұл Әулиелер мыңдаған жылдардан кейін Жер бетіне Ислам дінінің келетінін болжап, айтып кетеді. Сондықтанда Ұлы Бабаларымыздан: «Әуелі Қазығұртқа Иман түскен, мыңдаған жылдардан соң Мекке, Мединеге Құран түскен!» - деген киелі насияттар қалыпты.

«Тән арба» – сүйекті жуатын жылжымылы ағаштан істелген қол арба.

«Бөке» - сөзі: «Бесік» - деген, «Бөпе» сөзі: «Сәби» - деген, «Шақалақ» - сөзі: «Әлсіз сәби» - десе, «Шалақанды» – деп, бұл да: «Әлсіз анадан туылған, қаны аз әлсіз сәбиді» айтады. «Ыслабан» - сөзі: «Түтіннің исі сіңген адамды» айтады. «Түле» - сөзі: «Тіл – көз, сұқ қадалса, түлеп түсіп қалсын!» - деген ұғым.

«Теле» – «арба» - деген ұғым. Ол дәуірлерде дүниеден озған адамды өз өтініші бойынша туған елі алыста болса, қаза болған жерден, бір елдімекеннен екінші бір елдімекендегі зират қорымына жеткізуге арналған атқа жегілетін үсті жабық арбаны: «Теле» - деп атаған. Бұлай аталу себебі, жолда кетіп бара жатқанда көрген адамдар үркіп шошымасын деп, «жуып – шайып, бөзге орап, қайыңның сулы қабығына орап, түз сіңген жапырақтармен жабулап тастағанбыз!» - деген мағынада айтылған «Теле» - сөзі: «Тазалап жуылған мәйіт» - деген ұғымды білдірген. «Ыслабан» Еліне, «Теле» сөздігі – «тела» болып сіңген.

Жылаған Атаның бұл батасы туралы Ақпантай Әлиасқарұлы:

«Жылаған Ата Әулиенің осы бір айтылған батасы өте бір ұзақ уақыт айтылады. Есімде қалғаны осы шумақтар ғана. Бұған да шүкір! Дуалы ауызды әулиелердің ормандай көп «Омыртқалы Орта Басқа» берген баталары, өсиеттері, айтылған насихаттары т.б. мұрағаттамаларын әкем Әлиасар Байғұтұлы «Бестаңба» - кітабынан оқып: «Ұмытпа ұлым!» - деп айтып жүруші еді. Бірақ мен Ақпантай Әлиасқарұлы «Бестаңба» кітабын көрген емеспін! Бар болған күннің өзінде әкем маған да, басқаларға да ұстатпас еді. Себебі ол кітапты іздегендер жер бетінде көп болған. Осы кітаптан «Жұрнақ аламыз!»

- деп, **«Көреміз, оқимыз, ең ар жағғы күшпен тартып аламыз!»** - деген жатжерліктер Даламызға дүркін – дүркін шабуылдап, бізге дейін небір сұмдық қанды қырғын ғасырлар өтіпті...

«Бестаңба» кітабының түп нұсқасы «Киелі құдықта» екен, алайнымаған көшірмесін біздің бабаларымыз ұрпақтан – ұрпаққа әр жетінші буыны көшіріп, өз тұсындағы заманның ірі оқиғаларын, жаңалықтарын басқа да таң қаларлық ілімін шығармаларымен толықтырып жазып, **«осы ұстайды – ау»** - деген пендесіне мұқият түрде айтып түсіндіре білген. Және кез – келген азаматқа бұл кітаптан сыр шерте бермеген. **«Бестаңба»** - кітабының жолында «миллиондаған» пенделер құрбан болған. Бұл кітапты өз дәуірінде **Ескендір Зұлқарнайын** да: **«Аламын!»** - деп зорлық жасап, қорлықпен жеңіліс тапқан.

Ұлы Бес Әулиенің бірі **Жылаған Ата Әулиенің** осы батасын **Әлиасқар Байғұтұлы** қария **«Бастаңба»** кітабынан оқыған. Алланың құдіреті болар естігенімді әлі толық ұмыта қоймаппын. Есіме түсуіне Байдаулетов Самарқан ағамыздың **«Теле» руы** туралы сұрақ – тілегі себебші болды. Қазақ Қаһаннан тарағандардың қаны Жалпақтұмсықты (Еуразияны) мекен еткен барлық халықтардың қанында да кездеседі!» - депті.

Түсіндірме: «Көк мүсіл» - деп, қазіргі заманда қызмет бабын жеке мүддеге бағындырып, мемлекет пен Ел дәрежесінен жоғары қойған, Ел мүддесін жат жұрттықтарға сатып, қанша пара жесе де тоймайтын, қанағаттан айырылған жемқорларды айтса да болады.

«Бесеуміз Бес арна!» - деп, бұл жерде **Қазақ Қаһаннан тараған бес Ұлы әулие: «Әулие Ата, Дулығалы Ата, Жылаған Ата, Қоңыр Ата және Ұзын Атаны»** айтып отыр. Осы бес әулиені Ұлы Бабаларымыз аса құрметтеп, еске алып отыру үшін **«Бес арна, Бес табан»** - деп, бұларды бес бұрышты киелі таңба-оюға түсіріп, қазіргі өзіміз көріп жүрген **«Бес жұлдызбен»** өрнектеген.

Ежелгі замандарда Сақтардың әскери тулары мен «Қанжамбылары» бұл белгі-таңбалармен өрнектелсе, көрші отырған басқа халықтар да Бабаларымызға еліктеп, соларға ұқсағысы келіп бұл таңба – оюларды қолданып, қазіргі заманда бұл таңбалар көптеген мемлекеттердің тулары мен гербтеріне ұрылған белгілерге айналған. Көпшілігі бұл бес бұрыштың қалай, қайдан шыққанын, түп-төркінін, нені білдіретінін де білмейді.

«Алтауыңа» - құт қонсын!» - дегені, бұл жерде Алты Алаштан тарағандарға өсиеті: **«Алтау араз болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді!»,** яғни **«Алты Алаштан тарағандар бірліктерің мықты болса, Төрт Құбылаң түгел болар!»** - деп Ұлы Бабамыз өсиетін үш-ақ ауыз сөзге сыйдырып кетіпті. **«Екейден»** - сөзінің мағанасы, бұл жерде жетім көңілді, әрқашанда өзін бөлектеп, сәл нәрсеге ренжіп, өкпе жинап, панасыз санайтын анасыз, қазіргі тіліміздегі қолданыстағы: жат бөтен болып кету себебі **«жетімдіктен»** - **«өгейден»** - дегені екен.

«Науша жас» - 50 – 53 жастың арасы болса, **«Киелі жас»** - деп, 7 жылға тең уақыт мөлшерін айтқан. Сонда Ұлы Бабамыз **Әулие Атаның** Қаһандықты 64 – 67 жасында тапсырып, Бабалар дәстүрімен ұрпақтарына насият айтып, Тектіліктің жоралғы жолын көрсетіп, данагөй биіктікке жетіп ұзақ ғұмыр кешкендігі және ғалымдарымыздың соңғы кездері зерттеулерінің нәтижелері көрсеткеніндей еліміздің жерінен өрген көптеген әулиелердің бұрындары Ұлы патшалар мен Қаһандар болғаны да белгілі болуда.

Солардың бірі өз дәуірінде Жер Жаһанға атағы темір ұстасы, темірден жасалған қару – жарақтар мен тұрмыста қолданылатын бұйымдарды сынаушы, қаһарлы патша ретінде атағы шыққан ұлы билеуші, Ертіс өзенінің қазіргі Павлодар шаһарының орнында болған

қалада мыңдаған жылдар бұрын дүниеге келген **Керүкі – Үкітай Қабан** да, патшалықты тапсырып кейін «**Үкаш Ата әулие**» - деп аталған. Ол өзі қару – жарақтарды сынап көру үшін өте қатты тастардан қабырғасын қалап, терең құдық қаздырған. Жасалған бұйымдарды арқанға байлап құдыққа тастатып, қайта тартып алғанда сызат түспесе, оны жасаған шеберлерді сый – сияпаттап, «**Зер – Кер**», «**Була**», «**Дула**» - деген атақтар беріп отырған. Мазараты қазіргі Кентау мен Түркістан шаһарларының арасындағы өзі қаздырған құдығының жанына жерленген...

Иншаллах, Бабаларымыз айтып кеткен, алдағы жылдары халқымыз үшін «**Сәулет**» заманы келгенде «**Бестораңғыл Әулиедегі**» тораңғылдар саны 7 мыңға жетеді депті. Тәуелсіздігімізді алған 20 жылдан бері мұндағы тораңғылдар саны 20 дан асыпты.

Тораңғыл ағашын зерттеген ғалымдардың пікірі: «Шөл даланың падишасы атанған «тораңғыл» – терек туысына жататын ағаш. Діңі түзу, жуандығы кейде бір метрге дейін жетеді. Қабығы таспа тәрізді сыпырылады. Сәуір айында гүлдеп, мамыр айында тұқымы піседі. Гүлдеген кезде тораңғылдан ақ ұлпектер ұшып, ондағы піскен ұрықтары желмен тарайды. Соңғы жылдары отын ретінде жаппай қырқылып, құрып бара жатқандықтан Қазақстан Республикасының «**Қызыл кітабына**» енгізілген.

Тораңғыл – тұзды, құмды шөлдерде табиғи жағдайда ауаның ыстық аптабына, желдің күшті болуына, дымқылдың тапшылығына қарамай өсе беретін жапырағы мол ағаш. Тораңғылдың жапырағы ылғалды аз буландырады. Тамыры он метрден аса тереңнен нәр алады. Жер бетіне жақын тамырлары жан – жағына отыз метрге дейін тарамдалады. Тораңғылды кесіп құлатқанда діңінің шеткі бөлігінен ауаның қатты бір күшпен шыға бастағаны соншалықты он метр қашықтықтан күрсініске ұқсас үндер мен ызың естілетін жағдайлар болады. Себебі дің мен бұтақтағы су қысымы кесілген жерден шығып тез буланып, оның орнына ығысқан ауа дыбыс туғызатын болса керек. Тораңғылдың тамырында су көп болады. Ол ағаштың түбін ылғалдандырып, жиналғаннан соң ол жерге шыбын – шіркейлер үймелейді. Тамырдағы судың ауаға шыққаннан соң тез қышқылданып, қан іспеттес қып – қызыл түске боянатын қасиеті де бар. Осындай ерекше үн шығаратын және қанға ұқсас су шығаратын қасиеттеріне орай халық тораңғылды ерекше «**киелі ағаш**» санайды. Және тораңғылдың гүл шашқан кезінде оның көлеңкесіне жақындап, демалып ұйықтауға тиым салыпты бұрынғы өткен бабаларымыз».

Өкінішке орай бұрын ит тұмсығы батпайтын Сырдария өзені бойындағы тораңғыл мен жыңғылы аралас орман – тоғайлар Байқоңыр сынақ полигоны мен космодромның әсерінен, және дала өрттері мен тоғайларды тонаушы браконьерлердің арқасында жойылып кетудің аз ақ алдында тұр.

«Алты Алаш» Үш Жүзге және Жеті Атаға неге бөлінген? «Сүндет» - сөзінің қалыптасуы.

*Бір дәуір келеді!!!
«Баишай» төбеге шығады!?!
Төбе Төреге шығады!?!
Төренің түбін білмейді!
Аңыз сөзбен буады!?!
Ақиқатты аңыз жеңеді!?!*

*Анасынан озып тексіз туады!?!
Қажы көбейеді, қанағатсыз болады!?!
«Ізбөрі» Сөзбөріге айналғанда,
Он Алты Барыстың табылар Шам – шырағы!
Дәуірдің беті бері бұрылады!
Сөз, іске тұрады!
Іс, көшке шығады!
Сөз, Іс, Ар үшеуінен ұят қашса,
Тамырынан ұстап тұрған тәңірі болса да,
Бәрі қырылады!!!
(Асан Қайғы)
Сеңгір, Сеңір, «Сүн» еді,
Сыбыр, сыбыр үн келді.
(Маханбет)*

Елтіріс Қаһанның дәуірінде, Ұлы Далаға түстіктен «Белсіздік жұты» келеді. Ер азаматтар «белсіздік індетіне», әйел заты «бедеулікке» ұшырап, ұрпақ тарамай, бұл дерт ұзақ жылдарға созылып, ерлер төсегінен жеріген, әйел заты бесігін құшып жесір қалған, аңыраған зар заманға айналады. Мұндай зобалаң індет жер беті мен Ұлы Далаға үш рет келіпті. Соңғы рет келгенде Елтіріс Қаһанның пәрменімен Алтай тауының бауырындағы «Барлы Жансай» - деген киелі өлкеге Алты Алаштан тараған Тектілерді, қағанатбасылары мен ұлысбасыларын, «балкерлерді», жұлдызшыларды, талма бақсыларды жинап, аптаға созылған «Ұлы Құрқылтай» өткізеді. Сонда Алтай Арғыннан шыққан атақты «балкер» Емші Керік деген азамат осы жиында Көк Тәңірінің аян бергенін, түсінде: «бір жарым жасар сәбидің «асыл шүмегінен» су ағып, кішкене қыздың құлағының ұшынан қан ағып тұрғанын» көргенін айтады.

«Ұлы Құрқылтай» жиыны: «Қан алмастыруды өзгертуіміз керек! Ол үшін Алты Алаштан тарағандарды үш тарапқа бөліп таратамыз! «Жеті ұрпақ тарағанша, қан араластыруға тиым салынады!» - деген шешім қабылдайды.

Енді Елтеріс Қаһан Көк Тәңіріне сиынып, қан алмастыруды өзгерту мақсатында халықты: «Ұлы Баш», «Құты Баш», «Омыртқалы Орта Бас» - деп, үшке бөліп, үш тарапқа таратуға пәрмен береді.

Ең алғашқы бөлуді жасы жағынан Алты Алаштың ең үлкені Ұлы Атасы Арғыннан тарағандардан бастайды. 81 Атаға бөлінген Арғын Ата тайпаларының Олқы (Ойсыл), Оңғаш, Ойқы (Ойық), Түлік (Тілік) Аталарынан тарағандарды «Ұлы Баш» (Ұлы жүз) – деп, Үш ноқталыға бөліп, бір ноқтасын «Ажырат» – деп атап, Құсәмір Далашыға билікті қолына беріп Жетісу жеріне қоныстандырады.

Құсәмір Далашы халқын жинап, Сақ Бабалардан тараған, өздерін құдай санап астамсынған Пірауындарға қарсы алғаш соғыс жүргізіп, Көк Тәңірін алғаш таныған Кер Сақ Аб «Сансыз Баба» бастаған 16 тайпаның киелі 16 Көсемі – 16 Барысқа құдайы беріп, Көк Тәңірінен «Мейірім мен шапағат» тілеп: «Кісінің қанын төгуден бас тартамын!» - деп, ант ішіп, «Төрт түлік малдың пірін» ғана сұрайды. Осы Құсәмірдің қол астындағы бөлініп шыққан «Ажырат» тайпасын, тарихымызда: «Үйсін» – деп жазады. «Үйсін» сөзінің түбі, «Ұйзуннан» – шығады. «Ұй» – деген сөз төрт саны және төрт қабырғаны айтса, «Зүн» - деп, Алла тағаланың адамдарға несібе үлестірген таяғын айтқан. Кейінерек «Ұйзыннан» жүздеген жылдар өте тағы да 4 Ата бөлініп тарайды.